



## БЕКІТЕМІН:

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректор

\_\_\_\_\_ Г. Қанай

Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі  
тұрақты комитеті отырысының  
2024 жылғы «08» ақпандағы  
№ 1 хаттамасы

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) тұрақты даму саясаты (бұдан әрі – **Саясат**) БҰҰ тұрақты даму мақсаттарының (бұдан әрі – **ТДМ**) жоғары стандарттарына сәйкес әлеуметтік жауапкершілікті, экологиялық тиімділік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған тұрақтылық қағидаттарын жүйелеу мен ықпалдастыру мақсатында әзірленді және іске асыруда бағдар ретінде қызмет етеді, сонымен қатар білім беру саласында тұрақты даму қағидаттарын енгізудің үлгілі өкілі ретіндегі Қоғамның рөлін растай отырып, тұрақты тәжірибелерді іске асыруда бағдар ретінде қызмет етеді.

### 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. *Саясат келесі Сыртқы нормативтік-құқықтық актілерге (бұдан әрі - НҚА) сәйкес әзірленді:*

- Қазақстан Республикасының Конституциясым<sup>1</sup> (бұдан әрі-ҚР);
- ҚР Азаматтық Кодексі<sup>2</sup>;
- ҚР Еңбек Кодексі<sup>3</sup>;
- «Білім туралы»<sup>4</sup>, «Ғылым туралы»<sup>5</sup>, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы»<sup>6</sup>, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы»<sup>7</sup>, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің

<sup>1</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

<sup>2</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

<sup>3</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

<sup>4</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

<sup>5</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>

<sup>6</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

<sup>7</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>

мемлекеттік кепілдіктері туралы»<sup>8</sup>, «Акционерлік қоғамдар туралы»<sup>9</sup>, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»<sup>10</sup>, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»<sup>11</sup>, «Мемлекеттік мүлік туралы»<sup>12</sup>, «Мемлекеттік сатып алу туралы»<sup>13</sup> және т.б. ҚР заңдары;

– «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты<sup>14</sup>;

– ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары<sup>15</sup>;

– «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Тұжырымдамасы<sup>16</sup>;

– Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясаты туралы Тұжырымдама<sup>17</sup>;

– «Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібін іске асыру туралы» ерікті ұлттық шолу<sup>18</sup>;

– ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары<sup>19</sup>;

– ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері;

– Қоғам қызметінде қолданылатын ҚР нормативтік құқықтық актілері және стандарттары;

– Жоғары білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа да НҚА.

2. *Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары:*

– Қоғам Жарғысы;

– Қоғамды дамыту бағдарламасы мен жоспары;

– Корпоративтік басқару кодексі;

– Әдеп кодексі;

– Академиялық адалдық кодексі;

– Академиялық саясат;

– Кадр саясаты;

– Сапаны қамтамасыз ету саясаты мен мақсаттары;

---

<sup>8</sup> [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223\\_z090223.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_z090223.htm)

<sup>9</sup> [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415\\_z030415.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415_z030415.htm)

<sup>10</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>

<sup>11</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142>

<sup>12</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>

<sup>13</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>

<sup>14</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

<sup>15</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>

<sup>16</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>

<sup>17</sup> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>

<sup>18</sup> <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/news/kazakstannyn-ekinshi-erikti-ulttyk-sholuy-buu-nyn-zhogary-dengeydegi-sayasi-forumynda-usynyldy>

<sup>19</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916>

- Ішкі тәртіп ережелері;
- Ұжымдық еңбек шартымен;
- Басқарма Төрағасы-Ректордың, Проректорлардың бұйрықтары, Басқарма өкімдері, Директорлар кеңесі және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері;
- Қоғамның жұмыс жоспарлары;
- Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған рәсімдері;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Қоғамның құжатталған рәсімдері.

### 3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы ережеде келесі қысқартулар мен белгілер қолданылған:

<b>БҰҰ</b>	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>Қоғам</b>	–	«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
<b>ҚР</b>	–	Қазақстан Республикасы
<b>НҚА</b>	–	Нормативтік-құқықтық актілер
<b>Саясат</b>	–	Тұрақты даму саясаты
<b>ТДМ</b>	–	Тұрақты Даму Мақсаттары
<b>ESG</b>	–	Environmental, Social, Governance

### 4. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Саясаттың мақсаты:** Қоғам тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін әзірлеу мен енгізу, ТДМ-ға қол жеткізу кезінде ұстануға ұмтылатын негізгі нормаларды, принциптерді, ережелер мен әдістемелерді белгілеуден тұрады. Сонымен бірге Саясат Қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдауға және стратегияларды әзірлеуге басшылық ететін іргелі көзқарастарды қалыптастыру үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

#### **Саясаттың Міндеттері:**

1. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторларды ескере отырып, тұрақты даму саласындағы Қоғам дамуының негізгі бағыттары мен негізгі қағидаттарын айқындау;
2. Білім берудің жоғары стандартын және жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету үшін заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін енгізу;
3. Қоғамның әрбір органының, сондай-ақ барлық қызметкерлердің тұрақты даму қағидаттарын іске асыру бөлігінде рөлдерін, құзыреттері мен жауапкершілігін белгілеу;
4. Қоғамның тұрақты даму саласындағы негізгі процестерінің олардың қоршаған ортаға әсерімен байланысын талдау және анықтау;

5. Тұрақты дамуға қол жеткізу шеңберінде білім, тәжірибе және мәдени құндылықтармен алмасу мақсатында серіктестік қатынастарды дамыту.

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шешу процесінде Қоғам өзінің миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, оларды ұзақ мерзімді даму бағдарламасына айналдырады. Осы бағдарламаны іске асыру барысында Қоғам тұрақты даму саласындағы тиісті стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын басшылыққа алады. Бұл өз қызметіміздің үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің ажырамас шарты болып саналады.

## 5. ПРИНЦИПТЕРІ

Тұрақты даму саясатының принциптері экология, әлеуметтік жауапкершілік және басқару саласындағы стандарттарды қатаң сақтауды көздейтін ESG<sup>20</sup> (Environmental, Social, Governance) тұжырымдамасымен тығыз байланысты. ESG қағидаттары шеңберінде қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға (Environmental), персоналға және жалпы қоғамға (Social) қатысты әлеуметтік бастамалар мен жауапты тәжірибелерді қолдауға, сондай-ақ тиімді, ашық және жауапты корпоративтік басқаруға (Governance) баса назар аударылады. Тұрақты даму саясаты осы принциптерді ескеруге арналған, экономикалық тиімділікке қол жеткізуге ғана емес, сонымен бірге қоғамға оң әлеуметтік және экологиялық үлес қосуға бағытталған.

Қоғам тұрақты даму шеңберінде үш негізгі құрамдас бөлікке негізделеді:

E – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау (экологиялық тепе-теңдік);

S – жоғары әлеуметтік жауапкершілік;

G – корпоративтік басқарудың жоғары сапасы (экономикалық өсу).

Тұрақты даму саласындағы қағидаттар білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбие процестеріне, жоспарлауға, адам ресурстарын басқаруға, инвестициялар мен есептілікті қоса алғанда, қоғамның барлық негізгі процестеріне енгізілді. Ашықтық, есеп беру, этикалық мінез-құлық, құрмет, заңдылық, адам құқықтарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік Қоғамның мәдениеті мен құндылықтарының ажырамас бөлігіне айналады.

---

<sup>20</sup> <https://dknews.kz/ru/chitayte-v-nomere/304655-esg-v-kazahstane-aktualnost-priverzhennost-strategiya>